

**«Астана Медицина Университеті» АҚ**

**Ортопедиялық және балалар стоматологиясы кафедрасы**

**\* Тіс протездерін дайындау  
технологиясы  
34 дәріс**

**Жұмсақ эластикалық төсеніші  
бар толық алмалы протезді  
әзірлеу ерекшелігі және  
көрсеткіші.**

Астана, 2013

# \*Жоспары:

## *Кіріспе:*

- Қос қабатты толық алынбалы-салынбалы протездер жайлы түсінік;

## *Негізгі бөлім:*

- Жұмсақ пластмассаларға қойылатын талаптар;
- Әр түрлі эластикалық материалдардан төсеніш жасау әдісі;
- Дайын протезді өңдеу әдістері;

## *Қорытынды.*

\*Толық алмалы - салмалы протез, бұл - тіс қатарында барлық тістер болмаған уақытта қолданылатын протез. Барлық тістердің болмауы дистрофиялық (тіс жегісі, пародонтоз) және жарақатты процестердің әсерінен тіс - жақ жүйесіндегі функциональды және анатомиялық бұзылыстарға алып келеді. Альвеоляр өсіндісі мен жақтардың семуі жүреді. Жақта барлық тістер болмағанда самай төменгі жақ буынында өзгерістер кездеседі. Толық алмалы - салмалы протез көмегімен пайда болатын өзгерістерді тоқтатуға және шайнау қызметін қалыптастыруға, науқастың ішек жолдары қызметін қалыпты жағдайға келтіруге мүмкіндік туғызады. Толық алмалы - салмалы протездер әдетте пластмассалы негізден және жасанды тістерден тұрады.


# \*Толық алмалы - салмалы протез



\* Көптеген науқастар ауыз қуысының шырышты қабатының аса сезімталдығынан көп жағдайда қатты базисті толық алынбалы-салынбалы протездерді қолдана алмайды. Әсіресе кәрілік уақытта пайда болатын десквамациядан, «В» дәруменінің жетіспеуінен шырышты қабат көптеген өзгерістерге ұшырайды. Шырышты қабатта эрозиялардың, қабыну процесстерінің пайда болуы жиілейді.

\* Сонымен қатар, қарт адамдар орталық жүйке жүйесінің бұзылуы әсерінен қатты ауру сезімін тудыратын декубитальдық құбылыстар кезінде де ауырсыну сезімін байқамай, ұзақ уақыт жүруі мүмкін. Ал мұның соңы хирургиялық ем-шараларын қолдануға дейін әкеледі. Сондықтан науқастарға ауыз қуысының шырышты қабатын уақытылы тексерудің маңызды екенін түсіндірген жөн.


\* Көптеген науқастарда, әсіресе қарт адамдарда протездің қатты базисінің қысымынан үшкір алвеолярлық өсінділер тұсында, сүйек өсінділері, экзостоздар мен торустар аймағында қатты ауырсыну сезімі пайда болуы мүмкін. Бұл жағдайдың алдын алу үшін әдетте жұмсақ төсеніштері бар протездер, яғни қос қабатты толық алынбалы-салынбалы протездер жасалынады. Қос қабатты базис 2 түрлі қабаттан тұрады: 1) сыртқы қабаты - қатты базистік пластмассадан жасалса, 2) ішкі қабаты - шырышты қабатпен жанасып тұратын жұмсақ эластикалық материалдардан жасалынады. Жұмсақ эластикалық қабат протез астындағы жетіспеген шырышты қабаттың орнын толтырып, шайнау қысымын бірдей бөліп беруге көмектеседі.



**\* Жұмсақ төсеніш қабаты бар алмалы-салмалы тіс протезі**



## BAR CLIP-TYPE OVERDENTURE





# \* Жұмсақ пластмассаларға қойылатын талаптар:

\* Протездің қатты базисімен тығыз байланысу;

\* жұмсақтығын көп уақыт сақтау;

\* ауыз қуысында ерімеу;

\* суды сіңірмеу;

\* өңдеуге жеңіл;

\* гигиеналық тұрғыдан таза және

# \* Қос қабатты базисті протездерді қолдану көрсеткіштері:

- \* Шырышты қабаттың әр түрлі аймағында терең атрофиялардың болуы;
- \* Алвеолярлық өсінділер тұсында экзостоздар мен сүйектің үшкір қырлары, торустардың болуы.
- \* Ауыз қуысының шырышты қабатының созылмалы аурулары кезінде;
- \* Шырышты қабаттың ауру сезімталдығы жоғарылағанда.
- \* Кейбір пластмассадан жасалған протездерге аллергиялық реакция болғанда;

**\* Қос қабатты базисті толық алмалы-салмалы протез жасау технологиясы:**

**\* Қазіргі таңда протездің қатты базисін алу үшін «Этакрил» (АКР-15), «Акрел», «Фторакс» және «Акронил» пластмассалары, ал жұмсақ эластикалық төсенішті алу үшін «Эладент», «Ортосил» және «Ортосил М» материалдары қолданылады.**

\* Жұмсақ эластикалық төсеніші бар протездерді жасау технологиясы жалпы қатты базистік протездерді жасау әдістері негізінде жүргізіледі. Науқастың жеке-дара қасығы жасалғаннан кейін, ол бойынша функционалдық қалып алынады. Функционалдық қалып көмегімен жұмыс модельі құйылады. Модельге окклюзиондық білігі бар базис жасалынып, клиникаға орталық тістем қатынасын анықтауға жіберіледі.

\* Клиникадан барлық ориентирлерімен белгіленіп келген модельді окклюдаторға немесе артикуляторға орналастырып, әр қарай науқастың ерекшелігіне байланысты тіс қатарына тістерді әр түрлі әдістермен орнатады. Протездің конструкциясын тексеріп, протездің балауыздық композициясын кері әдіспен кюветаға ғаныштайды. Әрі қарай балауызды еріту процессін бастайды.

\* Балауыз ерігеннен кейін, болашақ протездің эластикалық төсеніші керек аймағына жұқа балауыздық пластинка салынады.

Балауыздық пластинканың өлшемі мен қалыңдығы болашақ эластикалық төсеніштің өлшемі мен қалыңдығына сәйкес келуі керек. Пластинканың бетіне жұқа целлофан жабылады. Әрі қарай қатты пластмассаның полимері мен мономерін араластырып, қамыр тәрізді күйге келгенде алып, кюветадағы балауыз үстіне формалаймыз. Кюветаны пресстеп, эластикалық пластмассаны дайындауға кірісеміз.



\*Кюветаны ашып, балауыз бен целлофанды алып тастаймыз. Балауыздың орнына эластикалық пластмассаны салмастан бұрын, протездің қатты базисін мономермен жағып шығамыз. Бұл эластикалық материалдың протездің қатты базисімен жақсы байланысуы үшін қажет. Әрі қарай кюветаны пресстеп, қолданып жатқан материалдың инструкциясына байланысты полимеризация процессін жүргіземіз. Дайын болған протезді сақтықпен мұқият өңдейміз.

- \* «Эладента-100» ден жұмсақ қабатты жасаудың екі жолы бар:
- \* 1) қос қабатты протезді «Эладент-100» бен базистік пластмассаны қамыр тәрізді кезінде бірден салып дайындау;
- \* 2) қос қабатты протезді дайын протездің ішкі жағына жұмсақ қабатты салу арқылы дайындау.

\* Бірінші әдіс бойынша екі қабатты протезді «Эладент-100» бен базистік пластмасса «Этакрил», «Акрелді» бірге салып қалыптау. Кюветадағы балауызды еріткеннен кейін, ғаныш үлгіге балауыз қабатты керек қалыңдықта салып, үстін ылғал целлафонмен жабамыз. Содан кейін алдын ала изокол жағылған формаға таңдаған базистік пластмассаны салып жабамыз.

\* Содан кейін форманы ашып,  
ылғал целлафонды, артық  
пластмассаны, балауызды  
қабатты алып тастаймыз.  
Дайындаған «Эладент-100»  
массасын салып,  
полимеризациялаймыз.  
Дайын екі қабатты протезді  
кәдімгі әдіспен өңдейміз.

\*Екінші (жаңартылған) әдіс бойынша екі қабатты протезді дайындағанда жұмсақ қабатты дайын протезге салады. Бұл үшін протездің шекарасын коррекциялау арқылы анықтайды. «Эладент» жұмсақ қабат пен базис пластмассасы арасындағы байланыс материалдардың қамыр тәрізді күйінде жақсы болатынын ескеруіміз керек.

\* Сол үшін дайындаған  
кюветадағы контрштампқа  
керекті қалыңдықтағы  
балауызды салып (қуыс пайда  
болу үшін), ылғал целлафонмен  
жауып, престейміз.



\*Базистік пластмассаны дайындап, аздаған қалыңдықтағы қамыр күйінде протезге саламыз. Балауызды төсенішті жұмсақ пластмассаға ауыстырамыз. Сонымен пластмасса қамыр қабаты мен «Эладента-100» жұмсақ қабаты арасында мықты байланыс орнайды.

\* «Эладент-100» мықтап жабылған ыдыста құрғақ, жабық, күн түспейтін, жылу көздерінен 1 м алыс жерде сақтайды. Жарамдылығы дайындалған уақытынан бастап 3 жыл.

\* Протездерді және апараттарды дайындап болған соң барлық бөліктерін жақсылап жонып жалтырату керек. Бұл өңдеудің мақсаты тіс протездерінің сыртқы қабаттарын кедір - бұдырлардан тазартып тегістеу. Протез беті өте таза болса, материалдың коррозияға тұрақтылығы артады. Ал егер тегіс болмаса, онда ол жерлерге тамақ қалдықтары жиналып, микроорганизмдерге қорек болады.

\*Тіс протездерімен конструкциясы қаншалықты дұрыс болғанымен, егер ол нашар өңделген болса, онда науқастың протезге үйренуін қиындатып, тамақ шайнауын ауырлатады. Жақсы өңделген протездер материалдың мықтылығын арттырады.

\* Протездің полимеризациясы өткеннен кейін, пластмассаның артық және кедір-бұдыр жерлерін алып тастау үшін өңдеу жүргізіледі. Протезді өңдеу үшін штихельдер, шаберлер қолданылады. Өңдеу уақытында құралдарды оң қолда, протезді сол қолда бірінші, екінші, үшінші саусақтардың арасында ұстау керек. Протездің шлифовкасы үшін наждак қағазы, полировкасы үшін әр түрлі формадағы фильцы, жұмсақ және қатты щеткалар қолданылады.





## \* Литература

- \* 1. Бушан М.Г. Патологическая стираемость зубов и ее осложнения. Кишинев, 1979.
- \* 2. Копейкин В.Н. , Демнер Л.М. Зубопротезная техника. М., 1993. с. 197-209.
- \* 3. Щербаков.А.С.Гаврилов.Е.Н.Трезубов.В.Н.Жулев.Е.Н. Ортопедическая стоматология.М. Мед. 1998г. 395-411
- \* 4. Курляндский В.Ю «Ортопедическая стоматология», М. Медицина, 1977. с. 265-286.
- \* 5. Гаврилов Е.И., Щербаков А.С. «Ортопедическая стоматология», М., 1984. 304-309.
- \* 6. Хватова В.А., Курляндский В.Ю. К вопросу этиологии и патогенеза неврологических симптомов при снижении "высоты прикуса".
- \* 7. Каламкаров Х.А. "Ортопедическое лечение патологической стираемости твердых тканей зуба". М. 1984.
- \* 8. Кульманбетов И.А. Влияние света гелий-неонового лазера на течение пародонтита и сахарного диабета в эксперименте. Диссертация канд.мед.наук. Алматы 1983.
- \* 9. Гаврилов Е.Н. "Деформация зубных рядов" М. 1984 г.
- \* 10. Погодин И.М., Пономарева В.А.Руководство для зубных техников. М.Мед.1994.
- \* 11. Копейкин В.Н «Ошибки в ортопедической стоматологии», М., Мед., 1986 .
- \* 12.Каламкаров Х.А., Матвеева А.И. Клинические аспекты методики избирательного шлифования зубов при заболевании пародонта. Стоматология 1983 №6 стр. 67.
- \* 13. .Рузуддинов С.Р., Телебаева Г. Т. Логико-дидактические структуры в изучении ортопедической стоматологии Алматы, 1995 .
- \* 14. Копейкин В.Н. "Ортопедическая стоматология" М.Мед. 1998 г.
- \* 15. Криштаб С.И. «Ортопедическая стоматология» Киев. 1986. с. 198-202.
- \* 16. И.К. Луцкая Руководство по стоматологии. Ростов на Дону 2002. с.553.
- \* 17. Фантомный курс по ортопедической стоматологии. А.П.Коновалов., Н.В.Курякина., Н.Е. Митин

Назарларыңызға  
рахмет!!!

